


**Ескендір  
Хасанғалиев**

**Ескіртмелер  
махаббат**




85 44 (1214)  
X  
Eскендір

Хасанғалиев

Ескірмеген  
Махаббат

Батыс Қазақстан облысының әкімшілігі  
Мәдениет басқармасы



# Ескірмеген махаббат



Орал қаласы, 2007

ББК 85.9  
Х23

Бұл кітап «Мәдени мұра»  
мемлекеттік бағдарламасы негізінде шығарылды.  
Әндердің ноталары мен мәтіндерін жинақтап, баспаға әзірлеген,  
«Шабыт» фестивалінің лауреаты,  
Қазақстан композиторлар Одағының мүшесі,  
«Жаңа ғасырға жаңа ән» атты республикалық байқаудың  
«Бас жүлдегері», әнші-композитор  
Біржан Хасанғали

Х23 Хасанғалиев Е.

Ескірмеген махаббат. Әндердің ноталары мен мәтіндері. -  
Орал, 2007, 227 бет.

ISBN 9965-32-019-5

Қазақ эстрадасының көш басшысы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, Қазақстанның Халық әртісі Ескендір Хасанғалиев есімі туған елімізбен қатар, алыс-жақын шет елдерге кеңінен таныс. Ол - сан қырлы талант иесі. Отан сүйіштікпен сырлы сазға толы лирикалық әндердің авторы, тыңдарман қауымның сүйікті әншісі Ескендір Хасанғалиевтің 300-ге тарта әндері, өнер көшін үзбей, қазіргі таңда көптеген сахналарда шырқалып келеді. Бұл жинаққа сазгердің шұрайлы да, шұрайлы шығармалары топтастырылды. Кітап көпшілік әнсүйер қауымға арналады.

ББК 85.9

X 495000000  
00(05)-07

ISBN 9965-32-019-5




Бре дашкаташдаи сураткӯб! асоси  
шарони Дарико Соловдиан 1936  
Хасантошевота арнабшон.  
З.Хасан —



Қазақ даласы әнге де, сазгерге де кенде болмаған. Өнер құт пен қасиет дарыған топырақтан бастау алатыны белгілі. Менің, өнер тарихымның алғашқы ақ парағын ашып, асыл армандарымның орындалуына дем берген, ән мен жырдың мекені киелі Қаратөбе жері болса, жүрегімнен шыққан әр шығармама өздерінің бағасын беріп отыратын көреген көзді халқы бар бұл - қазақ елі. Өнер адамының шығармашылығындағы басты мақсат, жас сәбидей дүниеге келген шығармаларының мән-мағыналы болып, халық жүрегінен орын табу. Осы орайда, менде өзімнің ән қазынамды, яғни, бұрынғы шыққан «Бозторғай», «Атамекен», «Асыл арман» сынды топтамаларымның қатарын «Ескірмеген махаббат» атты ән жинағыммен толықтырып, өздеріңізге тарту етіп отырмын. Бұл кітап өнер сүйер қауымның көңіл-қошын ашып, ән тындарман қуанышына айналар деген сенімімді білдіремін.

Қазақстан Республикасының  
Мемлекеттік сыйлығының  
лауреаты, Халық әртісі,  
әнші-композитор  
**Ескендір Хасанғалиев**

A decorative flourish consisting of several elegant, symmetrical scroll-like curves that frame the text.

I-бөлім

«Әнім саған  
туған жер»

# Атамекен

Марш екпінімен

Сөзі: Қадыр Мырзалиевтікі



Жа - сьл жай - лау, түк - ті кі - лем, көк кі-лем,



Көк кі-лем - де көп ой-най - мын көп - кү-лем. Маң - да - йым -



нан си - пан от - кеп са - мал - ды, Қа - за - ғым - ның а - ла - қа -




ны деп бі-лем. Қай-да жүр - сең а - та - ме - кен,



Кө - ке-йін - де жа - тал(ы) е - кеп, Күн - нің о - зі



Ү - я-сы - па, Қи - май о - ны ба - тал(ы) е - кеп



ба - тал(ы) е - кеп

Жасыл жайлау - түкті кілем көк кілем,  
Көк кілемде көп ойнаймын көп күлем.  
Маңдайымнан сипап өткен самалды  
Қазағымның алақаны деп білем.

**Қайырмасы:**

Қайда жүрсен, атамекен,  
Көкейіңде жатады екен.  
Күннің озі ұясына  
Қимай оны батады екен.

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем,  
Көк кілемде көп ойнаймын көп күлем.  
Күннің нұрын, айдың аппақ сәулесін  
Қазағымның махаббаты деп білем.

**Қайырмасы:**

Жасыл жайлау – түкті кілем, көк кілем,  
Көк кілемде көп аунаймын, көп күлем.  
Асқар тауын аспаныммен таласқан  
Қазағымның мәртебесі деп білем.

**Қайырмасы:**

В день весенний степь родная как ковер  
Счастлив тот, кто годы детства здесь провел.  
Трепет с лаской твои волосы слегка  
Ветер теплый как отцовская рука.

**Припев:**

Степь родная Атамекен  
В моем сердце ты навеки.  
Твои горы, твои реки  
Это все со мной навеки.



# Оралым

Орташа екпінмен. Эндете.

Сөзі: Әбдрахман Асылбековтікі.

*mf*

Та - мыл - жып ат - кан сү - лу тан - да Жа - йык. А - ға - ды

а - сыл ар - ман жан - ға жа - йып. Тол - қын - ды сол ө - зін - нің

жа - ға - сын - да, О - рал тұр он жы - ры - мен таң - ға - жа -

Қайырмасы:

йып. А - а - а Шал - қы - ған бай - лы - ғы,

Аң - қы - ған май гү - лі. Нұр қон - ған, жыр бол - ған О - ра - лым.

Жас - та - ры жай - ді - ры, Күл - пыр - ған ай - ма - ғы. Дән - ді (і) өл -

ке. Сән - ді (і) өл - ке О - ра - лым. / - ке О - ра - лым/

Соны

Тамылжып атқан сұлу таңда Жайық,  
Ағады асыл арман жанға жайып.  
Толқынды сол өзеннің жағасында,  
Орал түр ән-жырымен таңғажайып.

**Қайырмасы:**

Шалқыған байлығы  
Аңқыған май гүлі  
Нұр қонған, жыр болған  
Оралым.  
Жастары жайдары  
Құлпырған аймағы  
Дәнді өлке, сәнді өлке  
Оралым.

Күлімдеп көк жиектен таң атады  
Еңбектің шаттық әнін таратады.  
Қанатын кеңге жайған әсем қала,  
Қиядан көзді тартып қаратады.

**Қайырмасы:**


Көңілді кешке ұласып күндізгі әні  
Бағында тербеледі ұл-қыздары.  
Жайықтың түні де шат күйге толып  
Жарқырап жер мен көктің жұлдыздары.



# Ауылым - әнім

Andantino con moto

Сөзі: Бәкір Тәжібаевтікі.



Қайда жүрсем туған жерім  
Сен есімнен шығармысың.  
Еркелеткен думанды елім  
Аз ғой саған мың алғысым.

**Қайырмасы:**

Ғашық едім қыр гүліне  
Қызық тойым сенде өтеді.  
Сенде өткізген бір күніме  
Дүниеде не жетеді.

Сүйем таныс жолдарынды  
Саған бастап әкелетін.  
Сүйем жасыл талдарынды  
Жанға ләззат әперетін.

**Қайырмасы:**

Сүйем айна көлдерінді  
Мөлдіреумен қарайтұғын.  
Сүйем белес – белдерінді  
Таң сәулесі тарайтұғын.

Саған жырдан – сый арнадым  
Қиял құсын қуған жерім.  
Туған жерін сүйе алмаған  
Сүйе алар ма туған елін.

**Қайырмасы:**

Ауылымнан аттанарда  
Алтын аймақ ән салады.  
Жол тынымсыз тартқан алға  
Жүрегімді нұр шалады.





Сағындым бұлақты  
Жауында тасып аққан.  
Сағындым балалық шағымды  
Асық атқан  
Бөлшегі жанымның  
Тудырған жырларымды  
Ауылым сағындым  
Гүл терген қырларымды

**Қайырмасы:**

Аналарым, Аталарым,  
Ағаларым  
Салар әнім  
Өздеріңсің қалағаным.

Достарым қасымда  
Қыдырдым белдерінде  
Сағындым жасымда  
Шомылған көлдерімді  
Апамды, жеңгемді  
Аңсадым ауыл дәмін  
Сағындым сендерді  
Ардақты бауырларым.

**Қайырмасы:**

Сағындым атаны  
Ерекше сезім берген.  
Сағындым апаны  
Анамның көзін көрген.  
Кекілі желбіреп  
Жарысқан құлындарды  
Сағындым мөлдіреп  
Сенде пәк сезім қалды.



# Ақынның домбырасы

Асықлай терең сезіммен.

Сөзі: Кәкімбек Салықовтікі.



Қа-лып-ты жү-деп же-ті-мек,

Са-уық-пыл до-сы а-қып-пып.



Түр е-кен көң(i)-лі ше-гі-ңең,

А-за-сы ба-тыш жа-қын-ның.



Түр е-кен көң(i)-лі ше-гі-ңең,

А-за-сы ба-тыш жа-қын-ның.

Қайырмасы:



Кел-мей-ді қай-та кел-мей-ді

жаң-ғыр-ғап ү-ті жал-ғап - бай,



Бер-мей-ді ды-быс бер-мей-ді,

ү-зі-ліп іте-гі қал-ғап -



дай,

Бер-мей-ді ды-быс бер-мей-ді

ү-зі-ліп іте-гі қал-ғап -



дай.

дай

1. Қалыпты жүдеп жетімек,  
Сауықшыл досы ақынның.  
Түр екен көңілі шетінеп  
Азасы батып жақынның.
2. Айырды тағдыр егізді,  
Сезеді жүйрік санасы,  
Осы екен ғой дегізді,  
Жер мен көктің арасы.

**Қайырмасы:**

Келмейді қайта, келмейді,  
Жаңғырған үні жалғанбай.  
Бермейді дыбыс, бермейді,  
Үзіліп ішегі қалғандай.

3. Құлшынысқа сақтаған,  
Жоқ бүгін дүлдүл серігі.  
Күй оралмас баптаған,  
Тым-тырыс бұл-бұл желігі.
4. Жаудырайды пернелер,  
Парлаған көздің жасындай.  
Төгіліп түсер термелер  
Түйілді сайдың тасындай.

**Қайырмасы:**



# Ардагерлер туралы эн

(Баллада)

Andante Асықтай.

Сөзі: Шәмшібай Сариевтікі.



Бақытын келер күннің көре алмады,  
Төгіліп жанарынан толы арманы  
Оққа ұшқан қыран құстай талай боздақ,  
Соғыстан туған жерге оралмады.

**Қайырмасы:**

Өмірде оянсын деп күліп таңдар  
Жанымен дүниені жылытқандар.  
Соғыстың ардагерін қастерлеуді  
Бүгінгі бақытты ұрпақ ұмытпандар.

Алдына тартып еңбек өрістерін  
Майдангер ұлдарымен көрісті елім.  
Көзіндей қаза болған боздақтардың  
Туған жер жылап сүйді жеңістерін.

**Қайырмасы:**

Өмірдің көз алдынан өтті бөрі  
Алаулап жанарында отты жалын.  
Ардагер әкелер мен аға ұрпақ,  
Бүгіннің бақыты үшін төкті қанын.

**Қайырмасы:**



# Мектеп бітірушілердің әні

Терен сезіммен.

Сөзі: Әдрахман Асылбеков пен Сұлтан Қалиевтікі.

*trp*

Бір - ге жүр - дік, он жыл бір - ге ой - на - дык.

7

Бір(е) о - хы - дык, он жыл бір - ге ой - ла -

13

дык. Кел - ді бү - гін қош - та - са - тын,

19

қош - та - са - тын ке - зі - міз. Ақ - тық і -

25

рет, ақ - тық і - рет мек - те п то - йын той - ла -

1.2.

31

дык. /Қи - я - та /

соңы

Бірге жүрдік, он жыл бірге ойнадық,  
Бірге оқыдық, он жыл бірге ойладық.  
Келді бүгін қоштасатын, қоштасатын кезіміз,  
Ақтық рет, ақтық рет мектеп тойын тойладық.

Өміріміз өз ауланда көктеді,  
Күлімдеді көңілдің шат көктемі  
Тұрмыз енді қоштаса алмай, қоштаса алмай, қия алмай,  
Талмас талап, арман ойдың, арман ойдың мектебі.

Балапандай бауыр басып ұяға,  
Он жыл өскен мекенін жан қия ма.  
Жолдама алып болашаққа, болашаққа өзіңнен,  
Білім іздеп, білім іздеп самғаймыз әр қияға.



# Студенттердің қоштасу әні

Терен сезіммен.  
Вальс екпінімен.

Сөзі: Бәкір Тәжібаевтікі.



Бі - лім ап са - ың - да,

Өт - кіз - дік сан жыл - ды,



Өт - кер - дік сан жыл - ды,

қы - ымк - тап



ән жыр - ды.

Ұл қы - зын гүл қа - ла



мә - пс - леп тер - бст - хен,

Қи - ыл - дың қа - на - тын,



қи - я - ға сср - ыст - кен.

Ат - тан - дық



са - пар - ға,

кө - ніл - де мол ар - мән.



Қайырмасы:

Ат - тан - дық са - пар - ға

то - са - ды жол ал - дан



Білім ап саянда  
 Өткіздік сан жылды  
 Өткердік сан жылды  
 Қызықтап ән, жырды.  
 Ұл-қызын гүл қала  
 Мәпелеп тербеткен.  
 Қиялдың қанатын  
 Қиға серметкен.

### Қайырмасы:

Атғандық сапарға  
 Көңілде мол арман.  
 Атғандық сапарға  
 Тосады жол алдан.  
 Қалайша қиямыз  
 Ұшырса ұямыз.  
 Біздерді тосады  
 Туган ел күшағы.

Біз таптық білімнен  
 Өмірге жаңа арна.  
 Қимастық көңілден  
 Жас келді жанарға.  
 Қоштасар кез келді

Қиялдай барамыз.  
 Достарым сіздерді  
 Қиялмай барамыз.

### Қайырмасы:

В песне веселой грусть  
 Юность моя, прощай  
 Город большой прощай  
 Вспомню тебя,-улыбнусь.  
 Прожиты сотни дней  
 Я унесу с собой.  
 Мудрость твоих огней  
 Ставших моей судьбой.

### Припев:

За километром  
 Как за мальчишым сном  
 Вижу обветренный  
 Старый родимый дом  
 Край самых звонких рек  
 Я о тебе пою  
 Светлую жизнь мою  
 Я тебе отдаю.



# Шалқы, Атырау

Сөзі: Әбу Сарсембаевтікі.

Tempo di valse



Қайырмасы:

